**3-Қосымша**

**«Бекітемін»**
**«КИМЭП Университеті» АҚ**
**Д-р Чан Йан Бэнг, PhD, президент**
**____________ (қолы)**

**«____»__________2018 жыл**

# Институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу аясында сыртқы бағалауға (аудитке) қатысты БСҚА сараптау тобының ескерткен кемшіліктерін жою және ұсыныстарын орындау бойынша түзетуші әрекеттер жоспары

| № | Анықталған сәйкессіздіктер (ескертулер), ұсыныстар | Түзетуші әрекеттер (ТӘ) | Орындалу мерзімі | ТӘ орындалуы үшін жауаптылар | Орындалуы туралы белгі (күні, ТӘ үшін жауапты тұлғаның қолы) | Ескертулер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | **СТАНДАРТ 1 БОЙЫНША** | | | | | |
| 1 | Стратегиялық мақсатты біршама тәжірибелік негізде, оны нақтылап (немесе оны университеттің миссиясы мен жалпы көзқарасына ауыстырып) | 2017 жылғы жазда КИМЭП Университеті 2018 жылғы көктемде жүзеге асыру үшін 2018-2021 жылдарға стратегиялық жоспар әзірледі. | Жұмыс барысында | Бірінші проректордың офисі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тұжырымдау және KPI терминдеріндегі оның жетістіктерінің «жол картасын» көрсету. Бұл әсіресе, КИМЭП-тің амбициясы үшін маңызды. | КИМЭП стратегиялық жоспарды жүзеге асыруға кірісті. Құрамында оқытушылар, қызметкерлер, студенттер, түлектер және жұмыс берушілері бар комитет жоспарды қайта қарау, прогресті бағалау және кез келген жоспардың өзгерістеріне ұсыныстар шығару үшін құрылған. Жыл сайынғы жоспар талдауы оның өзектілігін сақтау үшін аса маңызды мәнге ие болған. КИМЭП университетінде сапаны қамтамасыз ету процесі бойынша басшылық жасау үшін қызметкер іздеуге кірісті, өйткені бұрыннан бар сапаны қамтамасыз ету және институционалдық зерттеулер бөлімі тек қана институционалдық зерттеулер жүргізуге бағдарланған. | | | | |
| 2 | Ұзақ мерзімді даму стратегиясын дайындау | Стратегиялық жоспарды қайта қарау жөніндегі комитет КИМЭП-тің ұзақ мерзімді мақсаттарына және Қазақстандағы жоғары білім беру реалиясына сәйкес келетін ұзақ мерзімді даму стратегиясы бойынша ұсыныстар дайындайтын болады. | Күз 2019 ж | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | КИМЭП-тің соңғы өтінішіне сәйкес ішкі сапаны қамсыздандыру жүйесі зерттеуді, студенттерге бағытталған білім беруді және университетті басқаруды қамтуы тиіс. | 2013 жылғы 7 маусымда КИМЭП Университетінің білім берудегі сапаны қамсыздандыру бойынша Ережесі әзірленді. Аталмыш құжатта сапаны қамтамасыздандыру принциптері, сапаны қамсыздандыру жүйесінің құрылымы бойынша ақпарат беріліп, сапаны қамсыздандыру рәсімдері туралы қысқаша ескертулер, сонымен қатар студенттерді қабылдау, оқу бағдарламасы, студенттерге бағытталған оқу, білім беру, оқу бағдарламасы мен еңбек нарығы қажеттіліктерінің арасындағы байланыс сияқты кейбір салалардың біршама кең көлемдегі баяндауы берілген. Осы салалардың әрқайсысы үшін зерттеулерді қоса алғанда, біршама толық түрдегі мақсаттар тұжырымдалған (аталмыш ережені 2017 жылғы желтоқсанда Ғылыми Кеңес қайта қарады).<br>Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіліп отырады. 2014 жылғы ақпанда сапаны қамсыздандыру | Күз 2019 ж | Оқу істері жөніндегі проректордың офисі;<br>Сапаны қамтамасыздан-дыру және институционалдық зерттеулер бөлімі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша атқарушы директор, д-р Юан Симпсон академиялық сапаны қамтамасыздандыру бойынша КИМЭП Университетінің жоспарын дайындады. Аталмыш жоспарды 2014 жылғы 12 наурызда Академиялық Кеңес бекітіп, ол 2017-2018 оқу жылына дейін әрекет етеді.<br>Жаңартылған саясат және сапаны қамсыздандыру жөніндегі нұсқаулықта сапаны үздіксіз жақсарту, атап айтқанда, ғылыми зерттеулер жүргізу және студенттерге бағытталған оқу салаларындағы рәсімдер мазмұндалатын болады. | | | | |
| 4 | Ішкі сапаны қамтамасыздандыру жүйесі тұрақты түрде тұтастай қамтитын ішкі шолудан (аудит) өтуі тиіс. | Бүгінгі таңда КИМЭП ішкі сапаны қамсыздандыру жүйесін оқу істері жөніндегі проректор офисі, сапаны қамтамасыздандыру және институционалдық зерттеулер бөлімі, академиялық кеңес жан-жақты қайта қарауда. КИМЭП ол аяқталған кезде сапаны қамтамасыздандырудың ағымдағы жүйесіне тиісті өзгерістер енгізеді. | Жыл сайынғы негізде | Оқу істері жөніндегі проректордың офисі;<br>Сапаны қамтамасыздан-дыру және институционалдық зерттеулер бөлімі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Сапа бойынша нұсқаулықты, яғни ішкі сапаны қамтамасыздандыру жүйесін және оның жұмысын кәсіби әрі жан-жақты сипаттамасы бар құжатты әзірлеу. | Қазіргі уақытта КИМЭП-тің сапаны қамтамасыздандыру жөніндегі нұсқаулығы қаралып жатыр, содан кейін ол түзетіліп-бекітілетін болады.<br>Түзетілген нұсқаулықта сапаны қамтамасыздандыру жүйесі мен оның жұмыс сипаттамасы мазмұндалатын болады.<br>Нұсқаулық университетті басқару; академиялық және академиялық емес сапа мәдениеті; оқу бағдарламаларын әзірлеу, бекіту, бағалау және қайта қарау; түлектер мен жұмыс берушілердің қатысуы; студенттерге ұсынылған қолдау; ғылыми зерттеулер; институционалдық зерттеулер (пікіртерімдер); мониторинг рәсімін және т.б. қамтиды.<br>Сапаны қамтамасыздандыру жөніндегі нұсқаулықты қайта қарауға оқытушылар, студенттер, түлектер және әкімшілік қызметкерлері қатысады. | Көктем 2019 жыл | Оқу істері жөніндегі проректордың офисі;<br>Сапаны қамтамасыздан-дыру және институционалдық зерттеулер бөлімі | | |
| 6 | Үлкен сабақтастық пен жергілікті қоғамдастықтың қатысуын қамтамасыз ету | Бүгінгі таңда КИМЭП-те Бэнг атындағы бизнес факультетінің, әлеуметтік ғылымдар | Жұмыс барысында | Бірінші проректордың офисі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мақсатында КИМЭП басқаруда жергілікті сарапшыларды тарту мүмкіндігін қарастыру. | факультетінің және заң факультетінің кәсіби консультативтік кеңестері бар. Құрамына түлектер мен жұмыс берушілер кіретін аталмыш консультативтік кеңестер тұрақты түрде кездесіп тұрады. Жоғарғы басшылық білім беру саласындағы, сондай-ақ бизнес саласындағы мамандардан тұратын Қамқоршылар Кеңесінен қолдау алады. Бұдан басқа, КИМЭП университеті басшылығы академиялық лауазымға батыстық сарапшыларды қабылдайды. | | | | |
| 7 | Сапаны қамтамасыздандыру саясаты және жұмыс берушілер мен түлектерді қоса алғанда, барлық мүдделі тараптарды барынша тарту және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында PDCA циклінің негізгі нәтижелері туралы құжат жариялау. | Академиялық Кеңес сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіткеннен кейін онымен студенттерді, ата-аналарды, жұмыс берушілерді, түлектер мен корпоративтік серіктестерді және барлық мүдделі тараптарды онымен таныстыру үшін университеттің веб-сайтына орналастырылып, жарияланатын болады. | Көктем 2019 ж | Оқу істері жөніндегі проректордың офисі;<br>Сапаны қамтамасыздан-дыру және институционалдық зерттеулер бөлімі;<br>Маркетинг, коммуникация және әлеуметпен байланыстар бөлімі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **СТАНДАРТ 2 БОЙЫНША** | | | | | |
| 1 | Ұйымды қайта құрылымдау жиілігін азайту. | КИМЭП басшылығы академиялық лауазымда отырған шетелдік сарапшыларға тәуелді. Шетелдік менеджерлерді ұзақ уақытқа ұстап қалу жұмыс сипатына және теңгенің тұрақсыздығына байланысты қиындық туғызады. Университет білікті әрі тұрақты басшылар мен оқытушыларды ұстап қалуда КИМЭП-ке , сондай-ақ, Қазақстанға шынайы берілген мамандарды жұмысқа қабылдауға тырысады. | Жұмыс барысында | Бірінші проректордың офисі | | |
| 2 | Пікіртерімдер жүйесін жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру (осы құралдың тиімділігін арттыру үшін). | Пікіртерімдерді жүргізу жүйесін әрі қарай жетілдіру үшін жауапты бөлім келесілерді жоспарлауда:<br>- Университеттің шұғыл қажеттіліктері мен стратегиясының басымдықтарына сәйкес келетін деректер жинау құралдарын қайта қарау;<br>- бөлім жобалары бойынша мүдделі тұлғалардан түсініктемелер (комментарийлер) алу;<br>- өнімділік үшін мониторинг мақсатында пікіртерімдер | Тұрақты негізде | Сапаны қамтамасыздан-дыру және институционалдық зерттеулер бөлімі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жүргізу құралдары бойынша университеттің басқа бөлімдеріне кеңес беру;<br>- институционалдық зерттеулер саласында университет пен қоғамдастық өкілдерінің ақпараттық қажеттіліктері мен талаптарын қамтамасыз ету;<br>- қызметкерлердің кәсіби дамуына жәрдемдесу. | | | | |
| 3 | Білімдік қызметті басқару бойынша ішкі нормативтік құжаттарды ҚР Білім және ғылым министрлігінің модульдық негізде, сондай-ақ қосарлы білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға қатысты нормативтік талаптарымен үйлестіру. | КИМЭП Университетінің Бэнг атындағы бизнес факультетінде, әлеуметтік ғылымдар факультетінде және заң факультетінде төрт қос диплом бағдарламасы бар.<br>Executive MBA және Mini-MBA (жақында FIBAA аккредиттеген) модульдық бағдарламалары Басқарушы білім орталығында жүзеге асырылады.<br>КИМЭП жалпы алғанда, мемлекеттік білім беру талаптарына сәйкес келеді. | Қолданыл-майды | Қолданыл-майды | | Орындауды қажет етпейді. Барлығы әлдеқашаннан бар. |
| | **СТАНДАРТ 3 БОЙЫНША** | | | | | |
| 1 | Студенттерге бағытталған білім берудің өзінің жеке тұжырымдамасын әзірлеу және | 2018 жылғы көктемгі семестрде КИМЭП профессор-оқытушылар құрамы КИМЭП білім беру | 2018 жылғы көктемгі семестрден | Д-р Жұлдыз Смағұлова | | Орындауды қажет етпейді. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | білім беру бағдарламаларында, оқытуда, оқуда, бағалауда қолданылатын әр түрлі практикалар студенттерге бағытталған білім беру сапасын қамтамасыздандырудың бірізді жүйесіне қалай ықпалдасатынын көрсету. | сапасын жетілдіру орталығы ұсынған кәсіби даму бағдарламасына қатысты. Бағдарлама студенттерге бағытталған білім беру және студенттерді белсенді оқуға тарту тақырыбын қамтыды. Сонымен қатар оқу бағдарламасына КИМЭП сапаны қамтамасыздандыру шеңберіндегі оқу нәтижелерін бағалау кірді. | бастап және әрі қарай | | | Барлығы әлдеқашан-нан бар. |
| | **СТАНДАРТ 4 БОЙЫНША** | | | | | |
| 1 | Еңбек нарығы мен студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін неғұрлым дәстүрлі пәндерден жаңа салаларға назар аудару. | Бүгінгі таңда КИМЭП менеджмент және қонақүй бизнесі, жеткізілімдер тізбегін басқару салаларында бағдарлама ашу мүмкіндігін талдауда. | Жұмыс барысында | Декандар | | Орындауды қажет етпейді. Барлығы әлдеқашан-нан бар. |
| 2 | КИМЭП студенттерін Болон ұсыныстарына сәйкес дипломға Қосымшамен автоматты түрде қамтамасыз ету. | 2018 жылғы көктемгі семестрден бастап, дипломға қосымша ағылшын тілінде тегін бүкіл түлектер үшін міндетті түрде шығарылатын болады. Дипломға қосымша 2013 жылғы және кейінгі түлектердің сұрауы бойынша берілуі мүмкін. | Академиялық күнтізбеге сәйкес | Оқу істері жөніндегі проректордың офисі; Тіркеу бөлімі | | Орындауды қажет етпейді. Барлығы әлдеқашан-нан бар. |
| 3 | Оқытушылар мен студенттердің ішкі мобильділігін белсендіру. | КИМЭП қазақстандық ЖОО-лардағы ПОҚ пен студенттердің ішкі мобильділік мүмкіндіктерін | Жыл сайынғы негізде | Халықаралық академиялық мобильділік | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қарастыратын болады. | | бөлімі;<br>Оқу істері жөніндегі проректордың офисі | | |
| | **СТАНДАРТ 5 БОЙЫНША** | | | | | |
| 1 | Еңбек нарығының өкілдерімен қызметтік байланыста жаңа, біршама қысқа білім беру бағдарламаларын, соның ішінде КИМЭП-ті қауіпсіз «білім беру нарығындағы тауашаны» қамтамасыз ететін пәнаралық, дипломнан кейінгі бағдарламаларды енгізу туралы мәселені қарау.<br>Осы тұрғыда модульдік білім беру бағдарламалары мақсаттарға жетуге мүмкіндік беріп, аталмыш бағдарламаны студенттер үшін тартымды етеді. | КИМЭП Басқарушы білім орталығы шағын МВА сияқты қысқа бағдарламалар, сонымен қатар менеджмент/бизнес бойынша курстар ұсынады, оларды бітіргеннен соң КИМЭП Университетінің сертификаты беріледі. Бұдан басқа, білім беру сапасын жетілдіру орталығы тілдер, педагогикалық практика және студенттердің оқу нәтижелерін бағалау салаларындағы курстарды ұсынады, олардың нәтижелері бойынша да КИМЭП сертификаты беріледі. Факультеттер мен факультеттердің салалық консультативтік комитеттері қысқа мерзімді бағдарламалар жүргізу бойынша жаңа ұсыныстарды тұрақты түрде | Жұмыс барысында | Декандар | | Орындауды қажет етпейді. Барлығы әлдеқашан-нан бар. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | талқылап отырады. | | | | |
| 2 | Оқу бағдарламасы бойынша салыстыру зерттеулерін жүргізу үшін 3-5 әріптес оқу орындарын таңдау. | Жақында Гонконг Университетімен және Пекин педагогикалық университетімен өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Бұл бағдарламалар КИМЭП-ке бенчмаркинг жүргізуге көмектеседі. Басқа университеттермен бенчмаркинг саласында әріптестік нұсқалары қарастырылуда. Бүгінгі таңда КИМЭП бүкіл дүние жүзі бойынша әріптес университеттермен өзара түсіністік туралы 163 меморандум бекітті. | Жұмыс барысында | Халықаралық академиялық мобильділік бөлімі | | Әріптестік қарым-қатынастарды дамыту жалғаса береді. |
| 3 | Бағдарламаның оқу нәтижелерін Ұлттық біліктілік шеңберімен біршама тығыз байланыстыру. | 2018 жылғы күзгі семестрден бастап ЖОО оқытушыларына Ұлттық біліктілік шеңбері мәселелері бойынша біліктілікті жетілдіру мүмкіндігі берілетін болады. Факультет декандары ҰБШ туралы әлдеқашан жақсы хабардар. | 2018 жылғы күзден бастап және әрі қарай | Д-р Жұлдыз Смағұлова | | |
| 4 | Диплом жұмыстары мен олардың пікірлерінің сапасына мерзімді бағалауды енгізу. | 2018 жылғы күзгі семестрде ЖОО білім беру бағдарламалары мен білім беру мазмұнын қайта | 2018 жылғы күзден бастап және | Д-р Фредерик Эмрих | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қараумен айналысатын Академиялық Кеңес жанындағы қосалқы комитеттің жұмысын қайта жаңартпақ. Қосалқы комитет ЖОО-ның барлық бағдарламалары мен оқу жоспарларына тексеру жүргізеді. | әрі қарай | | | |
| 5 | Білім беру бағдарламаларының сапасына бақылауды күшейту. | 2018 жылғы күзгі семестрде ЖОО білім беру бағдарламалары мен білім беру мазмұнын қайта қараумен айналысатын Академиялық Кеңес жанындағы қосалқы комитеттің жұмысын қайта жаңартпақ. Қосалқы комитет барлық бағдарламалар мен оқу жоспарының тиісті Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестігін салыстыру мақсатымен оларға тексеру жүргізеді. | 2018 жылғы күзден бастап және әрі қарай | Д-р Фредерик Эмрих | | |
| 6 | «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бастамашы болған білім беру бағдарламалары конкурсына қатысу стратегиясын әзірлеу. | Университет «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізетін ЖОО рейтингісіне әлдеқашаннан бері қатысып келеді. | Жұмыс барысында | Оқу істері жөніндегі проректордың офисі | | |
| 7 | Қосарлы оқытуды тиімд жүзеге асыру үшін практика өткізу базаларында кафедра филиалдарын құру. | КИМЭП Астана мен Ақтау қалаларында басқарушы кадрларға арналған МВА бағдарламасын жүргізеді. Бұдан | Жұмыс барысында | Д-р Хусейн Булент Думлупинар | | Орындауды қажет етпейді. Барлығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | басқа, Университет Гумбольдт Университетімен (Германия), Глазго Университетімен (Ұлыбритания), Ренна ESCr. Бизнес мектебімен (Франция), Лилль Католик Университетімен (Франция) және Каталония Университетімен (Испания) қос диплом бағдарламасын жүргізеді. | | | | әлдеқашан-нан бар. |
| | **СТАНДАРТ 6 БОЙЫНША** | | | | | |
| 1 | ЖОО-ның жалпы стратегиясына сәйкес, әсіресе, оқытуға және зерттеулерге қатысты оқытушылардың жұмыс жүктемесін талқылауға бастамашы болу. | Үздік нәтижелермен ҒЗЖ жүргізетін ПОҚ жұмыс жүктемелеріне қатысты талқылаулар жалғасуда. Бүгінгі таңда белсенді ҒЗЖ жүргізу нәтижесінде оқытушылық жүктемеден азайту алған бірқатар оқытушылар бар. Солардың бірі мысалы – Білім беру, мәдениет және Европа Комиссиясы аудиовизуалдық құралдар бойынша атқару агенттігінен грант алған Құқық Мектебінің оқытушысы , д-р Кембаев Жеңіс. | Жұмыс барысында | Декандар және Оқу істері жөніндегі проректордың офисі | | |
| | **СТАНДАРТ 7 БОЙЫНША** | | | | | |
| 1 | Есептік кезең үшін зерттеу жұмыстарынан түскен қаржылық түсімдердің көлемі 0%-ды құрады. | КИМЭП Университетінің ҒЗЖ-нан қаржылық кірісі төмен болғанына қарамастан, ол 0%-ға тең емес. Мәселен, КИМЭП | Жұмыс барысында | Декандар, ҒЗЖ бойынша үйлестірушілер және | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Орталық Азиядағы Қытайды ашу» бойынша 2 жылдық жазғы жобаға Норвегия зерттеу орталығынан 35 000 АҚШ долларын, Фридрих Эберт Қорынан 10 000 АҚШ долларын және «Эразмус +» бағдарлама аясында «Жан Монне» жобасына Білім беру, мәдениет және Еуропа Комиссиясы аудиовизуалдық құралдар бойынша атқару агенттігінен 49 962 еуро алды. Университет Қазақстанда және шетелде болашақта зерттеу гранттарын алу мүмкіндіктерін іздеуді жалғастыра бермек. | | оқытушылар | | |
| 2 | Факультеттің интеллектуалдық әлеуеті зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін толық шамада пайдаланылмайды. | 2016-2017 оқу жылында КИМЭП оқытушылары орташа есеппен алғанда, ПОҚ бір мүшесіне 1.9 зерттеу жұмысын жариялады. 2018-2019 қаржылық жылда ҒЗЖ бюджеті ұлғаятын болса, жарияланымдардың көптеген мүмкіндіктері пайда болмақ. Өздерінің зерттеулері үшін сыртқы қаржыландыру көздерін тартқан оқытушыларға ерекше назар аударылады. | Жұмыс барысында | Декандар, ҒЗЖ бойынша үйлестірушілер және оқытушылар | | |
| 3 | Зерттеу жұмысын университет | ЖОО кафедралары мен | Жұмыс | Декандар, ҒЗЖ | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қаржыландырады, басқа қаржыландыру көздері қолжетімді емес. | оқытушылары сыртқы қаржыландыру мен гранттар алады. Мәселен, КИМЭП «Орталық Азиядағы Қытайды ашу» бойынша 2 жылдық жазғы жобаға Норвегия зерттеу орталығынан 35 000 АҚШ долларын, Фридрих Эберт Қорынан 10 000 АҚШ долларын және «Эразмус +» бағдарлама аясында «Жан Монне» жобасына Білім беру, мәдениет және Еуропа Комиссиясы аудиовизуалдық құралдар бойынша атқару агенттігінен 49 962 еуро алды. Университет Қазақстанда және шетелде болашақта зерттеу гранттарын алу мүмкіндіктерін іздеуді жалғастыра бермек. | барысында | бойынша үйлестірушілер және оқытушылар | | |
| 4 | КИМЭП Университеті халықаралық ғылыми қоғамдастықтың белсенді мүшесі болып табылмайды, өйткені зерттеу нәтижелері төмен, ал жарияланымдарының да әсер ету коэффиценті төмен. Бүгінгі таңда КИМЭП үздік 1000 ЖОО-ның қатарына кірмейді және ағымдағы нәтижелілік пен | Университет 2018-2019 жылдарға ПОҚ зерттеу жұмыстарына ішкі қаржыландыру көлемін ұлғайтпақ, ПОҚ мүшелерінің жоғары импакт-фактормен SCOPUS және Thomson-Reuters басылымдарындағы жарияланымдарына ерекше назар аударылады. ПОҚ үшін кәсіби даму және оларға | 2018 жылғы күзден бастап және әрі қарай | Оқу істері жөніндегі проректордың офисі, академиялық прогресс және студенттерді сақтап тұру бойынша жоо комитеті | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | халықаралық ғылыми қоғамдастықтағы беделін ескере отырып, оның стратегиялық мақсаттары тым өршіл (амбициозды). | жоғары атақтар беру критерийлері импакт-фактормен көп жарияланымдарын кіргізумен қайта қаралады. | | | | |
| | **СТАНДАРТ 8 БОЙЫНША** | | | | | |
| 1 | Мемлекеттік гранттар, сыртқы донорлар мен халықаралық ұйымдардан салымдар сияқты басқа да қаржылық ресурстарды анықтау және пайдалану. | Корпоративтік даму бөлімі (КДБ) отандық және халықаралық донорлардан, ұйымдар мен компаниялардан қаржылық қолдау мен демеушілік көмек іздеу жұмыстарын жүргізеді. Бөлім тұрақты түрде университеттің академиялық және институционалдық дамуына қаржы көздерін тартып отырады. КДБ жылдан жылға тартылатын институционалдық қаржыландыруды арттыруды жоспарлап отыр. Осы мақсаттар үшін бөлім тұрақты түрде ЖОО-ға пайда әкеле алатын жаңа ұйымдар мен жаңа бағдарламалар іздеу жұмыстарын жүргізуде. 2016-17 оқу жылында КДБ 151 студент үшін, ал, 2017-18 оқу жылында 169 студент үшін гранттар мен стипендиялар тарта алды. | Жұмыс барысында | Корпоративтік даму бөлімі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Донор болған компаниялар: КАЗЭНЕРДЖИ Қауымдастығы, Орталық Азиядағы АҚШ Халықаралық білім қоры, Ержан Тәтішев атындағы қор, үкіметтік емес ұйымдар, NCOC корпорациясы, «Теңізшевройл» корпорациясы, «Қарашығанақ Петролеум» корпорациясы, «Самсунг» компаниясы, Конрад Аденауэр халықаралық қоры және т.б. Алдағы кезеңде КДБ демеушілер мен донорлардың санын арттыруды, халықаралық қаражат тарту көздерін игеруді және олардың әдістерін белсенді түрде қолдануды жоспарлап отыр. | | | | |
| 2 | КИМЭП өз түлектерінің кәсіби қызметін жоспарлап, қосымша қаржыландыру алу үшін компаниялармен бірлескен кәсіпорындар құруға тырысуы керек. | Корпоративтік даму бөлімі Түлектер Қауымдастығымен жұмыс істеу жауапкершілігін атқарады. Бүгінгі таңда түлектер ЖОО консультациялық кеңесінің мүшелері және әртүрлі студенттік ұйымдардың мүшелері болып табылады. КДБ мен Түлектер Қауымдастығының жұмысына келесілер кіреді: маманданулар бойынша түлектер мен түлектер тобы қоғамдастығының өзара | Жұмыс барысында | Корпоративтік даму бөлімі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекеттестігінің белсенді желісін дамыту; университеттің қайырымдылық жасаушылар, жұртшылық алдында оның мүдделерін көрсетушілер, факультеттер үшін консультанттар және ЖОО-да білім алудың маңыздылығы туралы жағымды пікірлерді таратушылар ретіндегі маңызды рөлі; білім алушы студенттер үшін еліктеу үлгісі ретіндегі рөлі; Рахмет шәкіртақы қорының көмегімен білім алушы студенттер үшін қаражат көздерін тарту; кәсіби даму және қоғамдық пайдалы жұмыс саласындағы үздік түлектерге арналған жыл сайынғы кездесулер мен қоғамдық шаралар өткізу; түлектердің өмірі мен қызметіне, түлектерді тартумен ЖОО-дағы жаңалықтар мен оқиғаларға арналған «Түлектер журналының» жыл сайынғы шығарылымымен жұмыс.<br>КДБ түлектермен біршама табысты халықаралық тәжірибенің өзара ықпалдастығына әкелуді және оны дәстүрге айналдыруды жоспарлап отыр. Бірлескен | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кәсіпорындарға қатысты КДБ осы мақсатта халықаралық тәжірибе алуды және ұлттық заңнаманы зерттеуді, сонымен қатар ЖОО басшылығының қолдауымен БК құруды жоспарлап отыр. | | | | |
| 3 | КИМЭП Университетіне университеттің өзі және бөгде әзірлеушілер (БҒМ, жұмыс берушілер және т.б.) әзірлеген электрондық жүйені үйлестіру үшін қолдағы бар ресурстарды пайдалану бойынша тиімді шешімдер қабылдау үшін біріңғай ақпарат кеңістігін әзірлеп, оны енгізу ұсынылады. | КАЖО тұрақты түрде онлайн қызмет көрсетулерді жетілдірумен қатар академиялық және әкімшілік бөлімдердің қажеттілігі үшін жаңа технологияларды енгізумен жұмыс істеп келеді. Үш аса маңызды даму салалары: КИМЭП Студенттер Порталы арқылы көрсетілетін студенттер үшін қызмет көрсетулер, Оқытушылар Порталы арқылы оқытушылар үшін қызмет көрсетулер және Талапкерлерге арналған КИМЭП Порталы арқылы талапкерлер үшін қызмет көрсетулер.<br>КИМЭП Студенттер Порталы барлық қолда бар оқу ресурстары мен онлайн қызмет көрсетулеріне кіріктірілген қолжетімділік нүктесі болып табылады. Студенттер Порталы арқылы студенттер Лекция серверіндегі (L-Drive) оқу материалдарын, LMS MOODLE | Қолданыл-майды | Қолданыл-майды | | Орындауды қажет етпейді. Барлығы әлдеқашан-нан бар. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | және университет кітапханасы ұсынатын онлайн электрондық ресурстарды пайдалана алады. Студенттер Порталы тіркеу кезеңінде онлайн тіркеу жүйесіне және аса маңызды қызмет көрсетулерге қолжетімді болады. Онлайн қызмет көрсетулердің бір бөлігін Студенттік Мобильдік Қосымша арқылы пайдалануға болады. Оқытушылар Порталының Мобильдік Қосымшасы академиялық бөлімдер үшін қызмет көрсетіп, онда әрбір оқытушының дербес профилі, пәндер бойынша силлабустары, пәндерді басқару үлгілері болады. Онда ПОҚ мүшелері академиялық және әкімшілік ережелерді, оқыту сапасын бағалаушы пікіртерімдер нәтижелерін және т.б. көре алады. Талапкерлер Порталы әлеуетті студенттер үшін барлық қажетті қызметтерді көрсетеді. Талапкерлер онлайн тәртібінде құжаттар тапсырып, онлайн емтихандардан (КЕРТ) өтіп, қабылдау комиссиясының қызметкерлерінен консультация | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | алуларына болады. | | | | |
| 4 | Орталық Азия елдері мен Қытайдан талапкерлер қабылдауды ұлғайтуға мүмкіндік беру үшін келешекте студенттерге арналған жатақхана салу. | Университет аумағында жаңа жатақхана құрылысына арналған жер жоқ. Бұдан басқа, қазір ЖОО жатақханадағы орындармен дәлме-дәл қамтамасыз етіп отыр. | Қолданыл-майды | Бірінші проректордың офисі | | |
| 5 | Қаржылық тәуекелді шектеу үшін КИМЭП қандай шараны университет өткізуі керек және қандай функцияларды бөгде ұйымның орындауына оңай беруге болатынын мұқият талдауы қажет. | Университет тұрақты негізде қаржылық тәуекелдерді шектеу мүмкіндігіне талдау жүргізеді. Мәселен, ағымдағы жылы бөгде ұйымдардың орындауына ішкі ауланың ландшафтық дизайны берілді. Сонымен қатар ағымдағы жылы бөгде ұйымдарға ішкі қауіпсіздік пен аумақты, ғимараттардың ішкі жинау функцияларын беру университет үшін қолайлы нұсқа болып табылмайтындығы айқындалды. Ішкі талдаудан басқа университетке жыл сайынғы сыртқы аудит жүргізіліп, ол қаржылық есептілікті қараудан басқа операциялық тиімділік мәселелерін қарап, оны жақсарту бойынша ұсыныстар береді. | Жұмыс барысында | Президент Кабинеті | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **СТАНДАРТ 9 БОЙЫНША** | | | | | |
| 1 | Веб-сайттағы ақпаратты тұрақты түрде жаңартып отыру. | Барлық бөлімдер, ПОҚ және қызметкерлер өздерінің веб-парақшаларын жасауға және жаңартуға жауапты. Жаңартылған ақпарат МКӘБ-ге – тұрақты түрде веб-сайтта орналастыру үшін веб-әкімшіге жіберіледі. Дизайнын әзірлеу қажеттігі болған жағдайда МКӘБ бұл үшін дизайнердің қызметін ұсынады. КИМЭП Университетімен байланысты веб-парақшаларда жарияланатын барлық ақпарат МКӘБ, Оқу істері жөніндегі проректор офисінің және Бірінші проректор офисінің қарауына/түсінік беруіне/ редакциялауына/ бекітуіне жатады. | Апта сайынғы негізде | Әрбір бөлім мен факультет; Маркетинг, коммуникация және әлеуметпен байланыстар бөлімі - веб-әкімші | | |
| 2 | Веб-сайтта ішкі, сондай-ақ сыртқы мүдделі тараптарды тарту және ақпараттандыру мақсатымен ЖОО саясатына қатысты қажетті құжаттарды жариялап отыру. | МКӘБ тақырыпатымен МКӘБ ережелері мен рәсімдерін Жарияланымдар бетіне орналастыру https://kimep.kz/about/publications/ | 1 тамыз 2018 жылы | Маркетинг, коммуникация және әлеуметпен байланыстар бөлімі | | |
| 3 | Сонымен қатар веб-сайтта барлық қажетті құжаттар ағылшын тілінде де (түйіндеме ғана емес) қолжетімді екендігіне | Веб-сайтта барлық тиісті құжаттардың бар болуын тексеру. Ағылшын тіліндегі нұсқасын орналастыру. | 1 қыркүйек 2018ж | Маркетинг, коммуникация және әлеуметпен | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | көз жеткізіңіз. | | | байланыстар бөлімі | | |
| 4 | Веб-сайтқа мүдделі тараптардың барынша қатысуы үшін сапаны қамтамасыздандыру бойынша оңай қолжетімді қосымшаны қосыңыз. | Қазіргі кезде ақпарат Жарияланымдар бетіндегі веб-сайтта қолжетімді https://kimep.kz/about/publications/ | Орындалған | Сапаны қамтамасыздан-дыру және институционал-дық зерттеулер бөлімі, Маркетинг, коммуникация және әлеуметпен байланыстар бөлімі | | |
| 5 | Веб-сайтқа студенттерді таныстыру бойынша оңай қолжетімді қосымшаны қосыңыз (студенттерді КИМЭП-тің барлық мәселелері мен жұмыс аспектілеріне барынша тартуды қамтамасыз ететін оларға арналған жеке веб-сайтқа сілтемемен). | Қазіргі кезде веб-сайтта «Ағымдағы студенттер» бөлімінде студенттерді таныстыру бойынша жеке веб-парақша бар https://kimep.kz/current-students/kimep-student-association-ksa/ Әрі қарай даму үшін Студенттер мәселесі жөніндегі бөлім мен МКӘБ тығыз байланыста жұмыс істейтін болады. | Орындалған | Студенттік мәселелер жөніндегі бөлім, Маркетинг, коммуникация және әлеуметпен байланыстар бөлімі | | |

**Аккредитация үшін жауапты тұлға (А.Т.Ә.) д-р Гилберт Линне тел.: 8 (727) 270-42-36 e-mail: gil.linne@kimep.kz**